

А.О. Қошымованың «VIII-XIII ғғ. оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» атты тақырыбында 6D020300 – тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының қолжазбасына

П І К І Р

Этногенез мәселесі бүгінгі таңда ғылыми тақырып ретінде белгілі бір деңгейде дағдарысты кезеңді және сонымен қатар өзектілін қайта қарауды бастан өткеріп отыр. Бұл тарих ғылымы осы бағыт бойынша белгілі бір «сыни көзқарасқа» қол жеткізгендігімен байланысты, дегенмен де Тәуелсіздік алған жылдар ішінде археологиялық, антропологиялық, этногенетикалық және жаңа жазба деректік материалдар легінің жинақталуы біздің тарихымызды, соның ішінде халықтың шығу мәселелерін жаңаша бағалауға мүмкіндік тудырып отыр. Кеңестік кезеңдегі көптеген зерттеу тақырыптары, әсіресе, этногенез үдерістеріне қатысты мәселелерге тыйым салынуы соңғы жылдарда осы бағыттағы әр түрлі ғылыми және ғылыми емес жарияланымдар легінің көбеюіне алып келді, бұл кей кезеңде нақты шынайы өзекті ойлар мен ғылыми болжамдар айтылған зерттеулерді дұрыс қабылдауға кедергі келтіреді.

Біз бүгінгі таңда кеңестік тарих ғылымында аксиома ретінде қабылданған кейбір ғылыми пайымдаулар, мәселен сақтардың сөзсіз иран тілдес немесе түркілердің негізгі және ежелгі отаны – Алтай болғандығы сияқты ғылыми пайымдауларды қайта қарастыруға талпыныс жасаушыларды көріп жүрміз. Мұндай пайымдаулар қатарына көшпелі халықтар тарихын ғылыми зерттеудегі халықтың ауызша шығармашылығының деректік рөлін қайта қарастыру да жатады. Қазіргі таңда көшпелілік ұғымының өзін қайта қарастыру орын алуда, оған отырықшылыққа тән көптеген құбылыстар, мысалы ертеректе тек отырықшылық өркениеттің атрибуты саналған қалалық мәдениеттің көрініс табуы себеп болып отыр.

Академиялық ойлаудың кертартпалығына байланысты көптеген жаңа, сипаты жағынан ғылыми болжамдар ары қарай өрбімей кедергілерге жолығуда. Мұндай жағдайдың орын алуы дұрыс та, өйткені жинақталған сандық көрсеткіштер жаңа сапалық көрсеткішке жетіп, ғылыми зерттеу тәжірибелерінің қорытындылары кең ғылыми айналымға енуі үшін уақыт қажет. Алайда дәстүрлі еуроцентризм аңыздарының тұрақтылығын да атап өтуіміз керек.

Халықтардың шығу тарихын зерттеудің қажеттілігін айтарлықтай ұзақ уақыт негіздеуге болар еді, бірақ бұны кезінде Л. Гумилев өте орынды көрсетіп өткен, ол, «этногенезді өзінді аман сақтап қалуы үшін зерттеуің керек, әйтпесе, ол вулкан тәрізді апатты болуы мүмкін» – деп жазған

болатын. Бүгінгі таңда этногенездің анықтамалары өте көп. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста VIII-XIII ғғ. түркі этностарының қалыптасуындағы оғыз этникалық компонентінің этникалық бірігудегі тарихи үдерістері қарастырылады. Бұл кезең этникалық тарихта қалыптасқан парадигмалар тұрғысынан өте маңызды. Бұл өз кезегінде «түрік» терминінің политоним, кейіннен этноним болып қалыптасуы аясындағы түйінді кезең болып табылады. Түркі этносаяси одағына кіргізетін тайпалар арасында олардың өркениеттік бірлігі туралы ұғым қалыптаса бастайды. Этникалық бірігуге қарастырылып отырған кезеңдегі түркілер арасында исламның белсенді түрде таралуымен көрініс беретін діни факторлар да айтарлықтай әсер етті. Тарихи деректерге сүйенсек, оғыздар исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдаған алғашқы бірден бір түркі тайпалары болып табылады. Саяси қатынастарда оғыздар VIII ғ. Жетісудағы түргеш мұрагерлігі үшін қарлұқтармен күрестегі жеңілісінен кейін Сырдария алқабында сырдариялық жабғу мемлекетін құрғаны белгілі. Осы кезеңнен бастап ортағасырлық Қазақстан территориясы мен одан шеткері аймақтарда (Мауреннахр, оңтүстік қорыс даласы, Иран, Кіші Азия) орын алған, Орталық Азияның этникалық және саяси картасының өзгеруіне ықпал еткен, тарихи маңызды оқиғалардың белсенді факторлары болып табылатын оғыздардың саяси рөлі күшейе түседі. Көрсетілген уақытта түркі тайпалары арасында маңызды белсенді этномәдени байланыстар орын алды, бұл кейін құрылған белгілі түркі халықтарының этникалық ядросының қалыптасуындағы рөлін анықтауға және олардың этникалық қалыптасуының кезеңдерін қалпына келтіруге жағдай жасайды. Осы кезеңдегі тайпалардың этникалық тізімдемесі деректерінде саяси жағдайдың ерекшеліктері көрініс тапқан, сондықтан да Орталық Азия территориясында орын алған этносаяси үдерістерді түсіндіру үшін мол мүмкіндіктер береді.

Диссертацияда өзге түркі халықтарының этногенезіндегі оғыздардың орнын анықтау арқылы болашақ қазақ руларының қалыптасу үдерісіндегі оғыздардың қаншалықты қатыстылығы зерттеу нысанына алғаш рет алынып отыр. Оғыздардың қатысуымен жүріп өткен миграциялық құбылыстар, соның нәтижесінде этногенез дамуындағы араласулармен байланысты этникалық шектің дискреттік ұғымы не болмаса суперэтностағы инкорпорация және экзогенді немесе эндогенді сипаттың құлдырауындағы дисперсиялық әдістер күрделі этникалық үдерістерді түсіндіру диссертациялық жұмыстың негізгі өзегі болып табылады. Қарастырылып отырған түркі халықтарының этногенез үдерістерінің белгілі кезеңін қалпына келтіруде қолданған материалдары, дәстүрлі түркі аңыз-әңгімелерін қатыстыру жұмыстың жаңашылдығы болып табылады.

Зерттеуде қойылған міндеттерді шешуде түркі халықтарының халық шығармашылығы болып есептелетін фольклорлық деректер, ДНК зерттеу

мәліметтері мен дәстүрлі ортағасырлық жазба мәліметтер сияқты тарихи деректерге көбірек көңіл бөлінген. Диссертация жұмысының жекелеген қырлары отандық және шетелдік журналдарда, сонымен бірге республикалық және халықаралық конференцияларда жарыққа шыққан.

Кошымова Акнур Оразғалиевнаның «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» атты диссертациясы ғылыми зерттеу жұмысы талаптарына сай және қорғауға ұсынамыз.

**Ғылыми жетекші, т.ғ.д.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры**

Г.Б. Хабижанова

21.01.2019

